

Ұлы ерлікке тағзым.

Бақытты дәурен сүріп шаттанғанбыз,
Өмірге масаттанып мақтанғанбыз.
Отанға күнбағыстан жау шапқанда,
Сап түзеп қан майданға аттанғанбыз .
Біздер бұл соғыстың жаңғырығымыз!

Иә, Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 73 жыл. Бұл соғыс өткен ғасырдың еншісінде қалды. Қазір жаңа ұрпақ өсіп келеді. Бостандық сүйгіш, еркін, тәуелсіз ұрпақ. Өйткені бұл ұрпақ бейбітшілік кезеңінің түлектері.

Ал Ұлы Отан соғысы, сол кездегі үрейлі сәттер қайта айналып соқпас үшін ұмытпауға тиіспіз. Қазір біздің еркін және бейбітшілік жағдайында өмір сүруіміз үшін қаза тапқан боздақтарды жадымыздан ешқашан шығармауға тиіспіз.

Жеңіс күні киелі болды, бола бермек, бұл нағыз жарқын мереке. Еш уақытта ұрпақтардың сабақтастық байланысы және Жеңістің маңыздылығын сезінуі өте маңызды!

Міне осы орайда Ұлы жеңістің 73 жылдығына арналған облыстық №2 әмбебап кітапханасының абонемент бөлімінде «Ұлы ерлікке тағзым» - атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Мақсаты: Оқырмандарды адамгершілікке, Отанын сүйуге, оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру, оларға патриоттық тәрбие бере отырып, өз елін, жерін қастерлейтін саналы да парасатты азамат етіп тәрбиелеу, соғыс туралы кітаптарды насихаттау.

Көрмеде қызығушылық таңытқан кітаптар, **Жеңіс паркі (Парк победы)** Қостанай қаласының естелік орындары туралы кітап. Ұлы Отан соғысындағы жеңімпаз- жауынгерлердің ұлы ерлігі. Қостанайлықтардың жадында мәңгілік сақталуы үшін 1965 жылы Жеңіс паркінің негізі қаланған. Кітапта сол ескерткіштер жайлы айтылға.

Боздақтар (Торғай облысы бойынша)

Қостанай облысы Ұлы Отан соғысы жылдарында: майдан және тіл бірлігі. (екі тілде),

Қостанай облысының әскери даңқ кітабы (екі тілде)

Олардың есімдері ұмытылған жоқ.

Қостанайлықтар – Совет Одағының Батырлары (екі тілде)

Сонымен қатар жалпы Қазақстан бойынша қатынасқан жауынгерлер ерлігі жайлы:

Қазақ жауынгерлері Ұлы Отан соғысы майданында (екі тілде)

Қазақстанның қыздары- Ұлы Отан соғысы жылдарында.

Ж.Аупбаев. Рухы күштілер.(Ұлы жеңістің- 70 жылдығына арналған) т.б соғыс жылдарындағы майдан оқиғаларын дәріптейтін кітаптар топтастырылды.

